



НОРМАТИВТІК
ҚАУЛЫ

Астана қаласы

НОРМАТИВНОЕ
ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ _____

город Астана

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының «2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 2-бабы екінші бөлігінің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін қарау туралы» 2024 жылғы 27 желтоқсандағы №59-НҚ нормативтік қаулысы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты Төраға Э.Ә. Азимова, судьялар А.Қ. Ескендіров, Қ.Т. Жақыпбаев, А.Е. Жатқанбаева, А.Қ. Қыдырбаева, Қ.С. Мусин, Б.М. Нұрмұханов, Е.Ә. Оңғарбаев, Р.А. Подопригора және С.Ф. Ударцев қатысқан құрамда,

өтініш субъектілері Н.С. Нурташевтың, Н.О. Тлеубековтің және оның өкілі – адвокат Т.А. Бейсбековтің,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының өкілі – Бас Прокурордың кеңесшісі Т.Б. Адамовтың,

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің өкілі – Заңнама департаментінің директоры Д.А. Сүлейменовтің,

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің өкілі – Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті төрағасының орынбасары Р.К. Тұңғышбаевтың,

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Аппаратының өкілі – Заңнама бөлімінің сектор меңгерушісі А.Т. Құлыясованың,

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Аппаратының өкілі – Заңнама бөлімі меңгерушісінің орынбасары Н.А. Сартаеваның,

Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының өкілі – бас ғылыми қызметкер А.Н. Ахпановтың,

Парламентаризм институтының өкілі – атқарушы директор А.К. Канатовтың қатысуымен,

өзінің ашық отырысында Н.С. Нурташевтың және Н.О. Тлеубековтің 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің

(бұдан әрі – ҚАК) 2-бабы екінші бөлігінің Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы өтініштерін қарады.

Баяндамашы – Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьясы Е.Ә. Оңғарбаевты және отырысқа қатысушыларды тыңдап, конституциялық іс жүргізу материалдарын зерделеп және Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқық нормаларына талдау жасай отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

анықтады:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына (бұдан әрі – Конституциялық Сот) ҚАК-тің 2-бабы екінші бөлігінің Қазақстан Республикасы Конституциясының (бұдан әрі – Конституция, Негізгі Заң) 1-бабының 1-тармағына, 12-бабының 1-тармағына, 13-бабының 1 және 2-тармақтарына, 14-бабының 1-тармағына, 34-бабының 1-тармағына, 77-бабы 3-тармағының 5) тармақшасына және 78-бабына сәйкестігін қарау туралы өтініш келіп түсті.

Өтініш субъектілері Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару заңнамасының уақыт бойынша қолданылуын айқындайтын ҚАК-тің 2-бабының екінші бөлігі Конституция ережелеріне қайшы келеді, заңның кері күші туралы норманы қамтымайды және бұл өздерінің жағдайын нашарлатады деп есептейді.

Өтініштер бір нысанаға қатысты болуына байланысты Конституциялық Сот «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» 2022 жылғы 5 қарашадағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 49-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, оларды бір конституциялық іс жүргізуге біріктірді.

ҚАК-тің дау айтылып отырған нормасының конституциялылығын тексеру кезінде өтініш нысанасына қатысты Конституциялық Сот мыналарды негізге алады.

1. Конституцияда заңның кері күші туралы құқықтық қағидат белгіленген, бұл адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың маңызды кепілі болып табылады және ізгілік мен құқықтық айқындылық негіздерінен туындайды. Негізгі Заңның 77-бабы 3-тармағының 5) тармақшасында «жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттемелер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен алынып тасталса немесе жеңілдетілсе, жаңа заң қолданылады» деп бекітілген.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі аталған конституциялық ережелерге ресми түсіндірме бере отырып, Конституцияның осы нормасын азаматтардың құқық бұзушылық үшін заңдық жауапкершілігін реттеу саласына жататын және жауапкершіліктің жаңа түрлерін белгілейтін немесе оны жаңа санкциялар енгізу жолымен күшейтетін, яғни құқық

бұзушылық жасаған азаматтардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды деп түсіну керек. Егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен жойылатын немесе жеңілдетілетін болса, онда жаңа заңның кері күші болады деп түсіндірді (1999 жылғы 10 наурыздағы № 2/2 нормативтік қаулы).

Конституцияның аталған ережелері адам құқықтары саласындағы негізгі халықаралық құжаттардың нормаларымен үйлеседі. Мәселен, Біріккен Ұлттар Ұйымы (бұдан әрі – БҰҰ) Бас Ассамблеясының 1948 жылғы 10 желтоқсандағы 217А (III) резолюциясымен қабылданған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 11-бабының 2-тармағында «Ешкім де жасаған әрекеті немесе әрекетсіздігі негізінде, егер ол әрекеті ұлттық заңдар мен халықаралық құқық бойынша қылмыс болып саналмаса, жауапқа тартылмайды. Сонымен қатар қылмыс үшін берілген жаза, қылмыс жасалған кезде заңмен көзделген жазадан ауыр болмауға тиіс» деп белгіленген.

БҰҰ Бас Ассамблеясының 1966 жылғы 16 желтоқсандағы 2200А (XXI) резолюциясымен қабылданған және 2005 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 15-бабының 1-тармағында «Ешкім де жасаған іс-әрекеті немесе жіберген қателігі негізінде, егер сол іс-әрекет жасалған кезде қолданыстағы мемлекетішілік заң тұрғысынан немесе халықаралық құқық бойынша қылмыстық іс болып саналмаса, қандай да бір қылмыстық іске кінәлі деп айыпталуына жол берілмейді. Сондай-ақ, кесілген жаза, қылмыстық іс жасалған кезде қолданылатын жазадан ауыр болмауы тиіс. Ал егер қылмыс жасалғаннан кейін сондай қылмыс үшін кесілетін жазаның түрі, бұрын қолданып жүрген түрінен гөрі, заң жүзінде жеңілдетілген болса, онда қылмыскер соңғы заң бойынша айыпталуы тиіс» деп бекітілген.

2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 6-бабында да заңның кері күші туралы конституциялық қағидаттан туындайтын ережелер көрініс тапты: «1. Іс-әрекеттің қылмыстылығын немесе жазаланушылығын жоятын, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның жауаптылығын немесе жазасын жеңілдететін немесе жағдайын өзге де түрде жақсартатын заңның кері күші болады, яғни осындай заң қолданысқа енгізілгенге дейін тиісті іс-әрекетті жасаған адамдарға, оның ішінде жазасын өтеп жүрген немесе жазасын өтеген, бірақ сотталғандығы бар адамдарға қолданылады.

2. Егер жаңа қылмыстық заң адамның жазасын өтеп жүрген іс-әрекеті үшін жазаланушылықты жеңілдетсе, онда тағайындалған жаза жаңадан шығарылған қылмыстық заң санкциясының шегінде қысқартылуға жатады.

3. Іс-әрекеттің қылмыстылығын немесе жазаланушылығын белгілейтін, осы іс-әрекетті жасаған адамның жауаптылығын немесе жазасын күшейтетін немесе жағдайын өзге де түрде нашарлататын заңның кері күші болмайды».

Осындай заңнамалық тәсіл «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабында да белгіленген.

Азаматтардың жағдайын нашарлатуға әкеп соғатын, қылмыстық жауаптылықты күшейту қылмыстық жауаптылықтан, жазадан және басқалардан босату жағдайларына қатысты ҚК-нің Жалпы бөлігінің талаптары қатандатылған кезде де орын алады.

2. Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату (бұдан әрі –ШМББ) жазадан босату түрлерінің бірі болып табылады.

Жазаны іс жүзінде өтеудің мәні, жағдайлары мен ең аз мерзімдері, босатылған адамның мінез-құлқын одан әрі бақылау мәселелері және оның жаңа құқық бұзушылықтар жасау салдары, ШМББ қолданылатын адамдардың, оны қолдану аясына кірмейтін сотталғандардың санаттары регламенттелетін қылмыстық-құқықтық нормалар ҚК-нің «Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату» деген 5-бөліміне кіретін 72-бабында кодификацияланған.

Соттар ҚАК-тің дау айтылып отырған нормасымен өзара байланыста қолданған ҚК-нің 72-бабы сегізінші бөлігінің 3) тармағында ШМББ ауыр және аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін сотталған адамдарға қолданылмайды деп белгіленеді.

Ауыр және аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін сотталған адамдарға ШМББ-ны қолданбау мемлекет жүргізіп отырған, сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін жауаптылық пен жазаны қатандатуға бағытталған қылмыстық саясаттан және оның сыбайлас жемқорлықтың барлық көрінісіне нөлдік төзімділікті ұстануынан туындайды.

ШМББ-ны құқықтық институт ретінде құқықтық реттеу қылмысқа қарсы күрес аясындағы түрлі құқық салаларында жүзеге асырылады. ҚАК-те сотталған адамның ШМББ мәселесін қарау үшін сотқа өтінішхат беру құқығын іске асырудың құқықтық тетігі қамтылады, мекеме әкімшілігінің, сондай-ақ ҚК-де көзделген жағдайларда сотталған адамның өтінішін қанағаттандыру туралы шешім қабылдайтын соттың әрекеттері регламенттеледі (ҚАК-тің 162-бабы).

Мұндай өтінішхаттарды қараудың процестік тәртібі олардың соттылығы, бастамашылық ету себептері мен субъектілері, сот отырысын жүргізу қағидалары, оған қатысушылардың құқықтары мен міндеттері және қабылданатын сот қаулыларының түрлері айқындалатын 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 476, 477, 478, 480-баптарының нормаларында және басқа да ережелерінде белгіленген. Бұл ретте де қылмыстық-процестік заң ҚК-нің 72-бабына сілтеме жасайды (476-баптың 5-тармағы).

Сонымен, қылмысқа қарсы іс-қимыл аясындағы құқық салаларының жүйесінде тап осы қылмыстық заң жасалуы қылмыстық процестік (рәсімдік) қатынастардың туындауына себепші болған қоғамға қауіпті іс-әрекеттердің қылмыстылығы мен жазаланушылығын айқындайды. Олардың

шеңберінде қылмыстық-құқықтық институттар, оның ішінде ШМББ іске асырылуда.

3. ҚАК-тің 2-бабының екінші бөлігінде жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау және өтеу, сотталғандарға түзеу құралдарын қолдану, сондай-ақ босатылатын сотталғандарға көмек көрсету оларды орындау кезінде қолданыста болатын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады деп айқындалады.

Қылмыстық-атқару заңнамасының нормалары рәсімдік-ұйымдастырушылық сипатта болады, онда жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындаудың және өтеудің тәртібі мен жағдайлары айқындалады, бұл олардың ұғымын, мақсатын, түрлерін және босату жағдайларын ашатын ҚК-нің тиісті ережелеріне негізделеді. ҚАК-те сотталғандардың құқықтық жағдайы, жазаны және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекеме мен орган түрлері, аталған мекемелер мен органдардың қызметіне бақылауды жүзеге асыру, жекелеген жаза түрлерін орындау тәртібі, жазаны өтеу режимі, сотталғандарға түзеу құралдарын қолдану, босатылатын сотталғандарға көмек көрсету, пробациялық бақылау және тағы басқалар регламенттеледі.

Осыған байланысты ҚАК-тің ерекшелігі – аталған мәселелердің олар туындаған кезде қолданысқа енгізілген заңнамаға сәйкес шешілуінде. Мұндай тәсіл Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 5) тармақшасына қайшы келмейді, өйткені оның талаптары тек заңдық жауаптылық, оның ішінде тек қана ҚК-де реттелетін қылмыстық жауаптылық мәселелеріне ғана қолданылады және жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау және өтеу тәртібіне қатысты емес.

Конституциялық Сот құқық үстемдігі қағидатынан құқықтық реттеудің формалды айқындылығы, анықтығы мен қайшылықсыздығы, нысана тұрғысынан өзара байланысты, оның ішінде әртүрлі салаға тиесілі нормалардың өзара үйлесімділік талабы туындайды деп бірнеше рет атап өткен болатын (2023 жылғы 22 ақпандағы № 3, 2023 жылғы 31 тамыздағы № 27-НҚ, 2024 жылғы 13 қыркүйектегі № 51-НҚ нормативтік қаулылар және басқалар).

4. Қылмыстық заңның ерекшелігі – тиісті негіздер болған кезде жаңа қылмыстық заңның кері күшінің міндеттілігін және жол бермеушілігін қоса алғанда, оның нормаларының уақыт бойынша қолданылу тәртібінде. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа қылмыстық заңның кері күшін жазасын өтеп жүрген адамға қолданылуы оның құқықтық жағдайын өзгертуі мүмкін.

ҚК-нің 5-бабында «Іс-әрекеттің қылмыстылығы мен жазаланушылығы сол іс-әрекет жасалған уақытта қолданыста болған заңмен айқындалады. Қоғамға қауіпті әрекет (әрекетсіздік) жүзеге асырылған уақыт, зардаптардың туындаған уақытына қарамастан, қылмыстық құқық бұзушылық жасалған уақыт деп танылады» деп атап өтіледі.

Өтініш субъектілері қылмыс жасаған кезеңде ҚК-де ШМББ-ға шектеу

болған жоқ.

Ауыр және аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдар үшін ШМББ-ға шектеу «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық процесте азаматтардың құқықтарын қорғауды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңымен ҚК-ге енгізілген болатын.

Конституциялық Сот өзінің нормативтік қаулысында жалпы ереже бойынша жазаны өтеуден ШМББ-ны қолдану-қолданбау мәселелері қылмыстық заңның кері күші ережелері ескеріле отырып, ШМББ-ны қолдану кезінде қолданыста болатын қылмыстық заңға сәйкес шешіледі деп атап өтті (2024 жылғы 16 мамырдағы № 44-НҚ нормативтік қаулы).

Сондықтан ауыр және аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін сотталған адамдарды ШМББ-ға жол бермеуді көздейтін қылмыстық заң аталған шектеу қолданысқа енгізілгеннен кейін осындай қылмыстар жасаған сотталғандарға қатысты ғана қолданылуға тиіс.

5. Конституциялық Сот конституциялық іс жүргізу шеңберінде өтініш субъектілері дау айтып отырған ҚАК нормасының конституциялылығын атап өтіп, соттардың ҚК-нің 72-бабы сегізінші бөлігі 3) тармағының және ҚАК-тің 2-бабы екінші бөлігінің нормаларын әртүрлі қолдануына байланысты жекелеген проблемаларды атап өту қажет деп есептейді. Соттар сотталғандардың тиісті өтінішхаттарын қараған кезде ШМББ-ны кейбір жағдайларда берсе, кейде ҚК-нің 72-бабы сегізінші бөлігінің 3) тармағымен өзара байланыстырып, ҚАК-тің дау айтылып отырған нормасына сілтеме жасай отырып, бас тартқан. Мұндай тәсіл адамның конституциялық құқықтарын бұзу қаупін туғызады.

Осы шектеу қолданысқа енгізілгенге дейін ауыр және аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін сотталған адамдарға ШМББ-ны қолданбаудың сот практикасы Конституцияның және қылмыстық заңның қылмыстық жауаптылықты күшейтетін және осындай адамдардың жағдайын нашарлататын заңдарға кері күш беруге тыйым салу туралы ережелеріне сәйкес келмейді.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 6-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы» 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 15 нормативтік қаулысының 8-тармағының екінші абзацында «Егер адам жасаған әрекет неғұрлым ауыр қылмыстық құқық бұзушылық санатына өтсе немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның жағдайын өзге де тәсілмен нашарлатса, жаңа қылмыстық заңның кері күші болмайды» деп атап өтіледі.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына құқық қолдану практикасында қаралатын нормаларды қолданудың біркелкілігін

қамтамасыз ету мақсатында қылмыстық заңның кері күші ережелерін ескере отырып, сот практикасын жинақтап қорыту және соттар үшін анағұрлым нақты түсіндірулер қабылдау ұсынылады.

Бұған дейін Конституциялық Сот соттардың заңнаманы қолдану практикасы мәселелері бойынша заңнаманы түсіндіру процесінде Жоғарғы Сот әртүрлі санаттағы істерді қарау жөнінде қорыту жасайды, нормативтік құқықтық актілердің жалпы және абстрактылы ережелерінің мәнін, ұғымның біріздендірілуі сот практикасы үшін маңызды болатын, заңнамада жеткілікті түрде айқындалмаған кейбір баға беру ұғымдарын нақтылайды, тәптіштейді, соттар қолданатын құқықтық нормалардың ықтимал коллизияларын шешеді, типтік жағдайларға қатысты нормаларға түсіндірме беру үлгісін жасайды деп атап өтті. Алайда, сот практикасы үшін қажетті, мазмұнын, арақатынасы мен қолданылуын фрагментті және үлгілік нақтылау мүмкіндігін қамтитын құқық нормаларын түсіндірудің барлығы Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына қайшы келмеуге және мемлекеттің басқа да жоғары органдары құзыретінің шекарасына өтпеуге, атап айтқанда, жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын шектемеуге тиіс. Мұндай шектеулер Конституцияның 39-бабының 1-тармағына сәйкес конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін (2023 жылғы 1 маусымдағы № 18-НҚ нормативтік қаулы).

Осы жазылғандардың негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 3-тармағын және 74-бабының 3-тармағын, «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» 2022 жылғы 5 қарашадағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 23-бабы 4-тармағының 3) тармақшасын, 55 – 58, 62-баптарын, 64-бабының 3-тармағын және 65-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты

қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 2-бабының екінші бөлігі Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының осы нормативтік қаулыда жазылған құқықтық ұстанымдарын ескере отырып, ауыр және аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарға шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдану мәселелері бойынша қосымша түсіндірулер беру ұсынылсын.

3. Осы нормативтік қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті,

түпкілікті болып табылады және шағым жасалуға жатпайды.

4. Осы нормативтік қаулы заңнамалық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында, құқықтық ақпараттың бірыңғай жүйесінде және Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

**Қазақстан Республикасының
Конституциялық Соты**